

**Магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындарды және іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 26 тамыздағы N 360-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 28 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3117. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 231-НҚ бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 26.07.2013 № 231-НҚ (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 7-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1126 қаулысымен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің 2002-2004 жылдарға арналған тариф саясатын жетілдіру бағдарламасына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындарды және іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекітілсін.

2. Магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілері:

1) табиғи монополия саласында қызметтерді реттейтін және бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органға ұсыну мерзімімен магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану жөнінде әдістемелерін:

2006 жылғы 1 қыркүйекке 2006 жылғы бірінші жарты жылдығы үшін қызметтердің бағыттары бойынша бірінші есептілікті;

2007 жылғы 1 мамырға 2006 жылдың екінші жарты жылдығы үшін қызметтердің реттелетін түрлері бойынша бірінші есептілікті әзірлесін және б е к і т с і н ;

2) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігіне және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің тиісті аумақтық органдарына 2005 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде табиғи монополия саласында қызметтерді реттейтін және бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органға ұсыну мерзімімен магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану жөнінде әдістемелері келісілуге ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Құбырлар мен су канализациялары жүйесі саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент (Е.Ш. Әлиев):

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) ұсынылған магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану жөнінде әдістемелерді белгіленген тәртіппен келісуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің аумақтық органдары ұсынылған магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану жөнінде әдістемелерді белгіленген тәртіппен келісуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік және аумақтық жұмыстар департаменті (М.А. Токарева) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін:

1) белгіленген тәртіппен ресми ақпараттық құралдарында оның жариялауын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарының, сондай-ақ магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және олармен

байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің назарына жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Төрағаның міндетін атқарушы*

К е л і с і л д і :

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрі

2004 ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды реттеу  
және бәсекелестікті қорғау  
жөніндегі агенттігі төрағасының  
міндетін атқарушының  
2004 жылғы 26 тамыздағы N 360-НҚ  
бұйрығымен бекітілген

**Магистралдық және (немесе) бөлуші труба  
құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын  
сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және  
олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын  
пайдалану жөнінде қызметтер көрсететін табиғи  
монополия субъектілерінің табыстарды, шығындарды  
және іске қосылған активтерді бөлектеп есепке  
алуды жүргізу ережесі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес реттелетін осы Магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындарды және іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) бөлектеп есепке алуды жүргізудің, Қазақстан Республикасының заңнамасымен табиғи монополия субъектісі болып танылатын газ тасымалдаушы және (немесе) газ

бөлуші ұйымдардың бөлектеп есепке алуды ұйымдастыру тәртібі мен жүзеге асырудың негізгі қағидаттарын айқындайды.

2. Бөлектеп есепке алуды жүргізудің мақсаты магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану жөнінде қызметтерге (бұдан әрі - реттелетін қызметтер) экономикалық негізделген тарифтерді белгілеу болып табылады, оларға тарифтер табиғи монополия саласында қызметті реттейтін және бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) бекітеді.

3. Бөлектеп есепке алу реттелетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және жалпы реттелмейтін қызметтер бойынша табыстар, шығындар және іске қосылған активтер туралы ақпараттар жинағының және қорыту жүйесін, сондай-ақ осындай ақпараттың негізінде газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдардың реттелетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және жалпы реттелмейтін қызметтер бойынша табыстар, шығындар және іске қосылған активтер туралы есептерді мерзімді құруын және уәкілетті органға ұсынуын көрсетеді. Осы тармақта көзделген уәкілетті органға есептерді ұсыну тәртібі мен нысандары осы Ережеде белгіленеді.

4. Бөлектеп есепке алудың негізгі қағидаттары:

1) бастапқы құжаттардың деректерінің негізінде тиісті қызметтерге табыстарды, шығындарды және іске қосылған активтерді тікелей жатқызу мүмкіндігі кезіндегі тікелей жатқызудың басымдылығы;

2) табыстардың, шығындардың және іске қосылған активтердің олар байланысқан сол қызметтердің себепті-салдарлы байланысының негізінде тиісті қызметтерге табыстарды, шығындарды және іске қосылған активтерді бөлу;

3) қызметтердің реттелетін және жалпы реттелмейтін түрлеріне жатқызу кездегі ашықтық.

5. Газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдардың бөлектеп есепке алуды жүргізуі осы Ереженің мәндеріне сәйкес қызметтердің реттелетін түрлері бойынша және жалпы реттелмейтін қызметтері бойынша табыстарды, шығындарды және іске қосылған активтерді бөлуін қамтамасыз етуге тиіс.

6. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бөлу базасы - шығындар, іске қосылған активтер, негізгі құралдар мен қызметтер топтарының арасындағы тәуелділікті көрсететін көрсеткіш;

2) қызметтердің сыртқы пайдаланушылары - газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдарының сыртқы қызметтерін пайдаланушылар. Қызметтердің сыртқы пайдаланушыларына сыртқы соңғы емес, сыртқы соңғы, сыртқы өзге қызметтердің пайдаланушылары жатады;

3) сыртқы қызметтер - газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші

ұйымдарының қызметтері, оның ішінде қызметтердің сыртқы пайдаланушыларына ұсынылатын реттелмейтіндер;

4) қызметтердің сыртқы соңғы пайдаланушылары - Қазақстан Республикасының аумағында газды тұтынушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлғалар;

5) қызметтердің сыртқы соңғы емес пайдаланушылары - басқа газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында газ сатуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;

6) қызметтердің сыртқы өзге пайдаланушылары - газ транзиті және оны экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтерді қоса, газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдардың көрсететін өзге қызметтерін тұтынушылар;

7) ішкі қызметтер - газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдардың бір бағыттарда жүргізетін және алдағы уақытта осы ұйымның қызметінің басқа бағыттарымен сыртқы қызметтер көрсету мақсатында тұтынылатын қызметтер;

8) магистралдық газ құбырынан газ бөлуші станциясына дейін газды тасымалдауын қамтамасыз ететін - газ құбырлары - бұрулары - газ құбырлары;

9) газ бөлуші ұйым - жеке меншік иелігінде немесе өзге де заң негізінде болатын, бөлуші труба құбырларын, олардағы құрылыстарды дамыту және пайдалануымен айналысатын, қызметтің осы түріне қолда бар лицензияның негізінде осы желілер арқылы тасымалдау жөнінде қызмет көрсететін ұйым;

10) газ бөлуші станция - қысымның төмендетуін қамтамасыз ететін, магистралдық газ құбырындағы газ құбыры-бұруында құрастырылатын құрылыс;

11) газ бөлуші құрылғы - бөлуші труба құбырында (газ бөлуші газ құбырында) қысымның төмендетуін қамтамасыз ететін құрылыс;

12) газ тасымалдаушы ұйым - магистралдық газ құбырлары мен газ құбырлары-бұруларды, олардағы құрылыстарды жеке меншігінде немесе өзге де заң негізінде иеленген, қызметтің осы түріне қолда бар лицензияның негізінде осы газ құбырлары арқылы газ тасымалдау жөнінде қызмет көрсететін ұйым;

13) газ сақтау қоймасы - табиғи газды маусымдық әркелкі тұтыну кезеңінде жеткізуді қамтамасыз ету үшін газдың технологиялық қорына қолдау көрсетілетін магистральдық газ құбырының бөлігі болып табылатын жер үсті жабдықтары кешеніндегі жер асты құрылыстары;

14) іске қосылған активтер - негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді қосатын белгілі бір қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдардың активтері;

15) қызметтерге жанама шығындар - бірден бірнеше қызметтермен (қызметтердің тобымен) себепті-салдарлы байланысы бар және сондықтан тікелей

және бір мәнді белгілі бір қызметке жатқызылмайтын, бірақ белгілі бөлу базасының негізінде қызметтерге бөлінуі мүмкін шығындар;

16) қызмет бағыттарының элементтеріне жанама шығындар - бірден бірнеше қызмет бағыттарының элементтерімен себепті-салдарлы байланысы бар және сондықтан тікелей және бір мәнді белгілі бір қызметке не қызмет бағыттарының элементтеріне жатқызылмайтын, бірақ белгілі бөлу базасының негізінде қызмет бағыттарының элементтеріне бөлінуі мүмкін шығындар;

17) қызметтер көрсеткен кездегі жанама іске қосылған активтер - бірден бірнеше қызметтермен (қызметтердің тобымен) себепті-салдарлы байланысы бар және сондықтан тікелей және бір мәнді белгілі бір қызметке жатқызылмайтын, бірақ белгілі бөлу базасының негізінде қызметтерге бөлінуі мүмкін іске қосылған активтер ;

18) қызмет бағыттарының элементтеріне жанама іске қосылған активтер - бірден бірнеше қызмет бағыттарының элементтерімен себепті-салдарлы байланысы бар және сондықтан тікелей және бір мәнді белгілі бір қызметке немесе қызмет бағыттарының элементіне жатқызылмайтын, бірақ белгілі бөлу базасының негізінде қызмет бағыттарының элементтеріне бөлінуі мүмкін іске қосылған активтер ;

19) магистралдық газ құбыры - Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан, газ кен орнынан, газды сақтау қоймасынан, газ мұнай өңдеуші ұйымнан газды қабылдау (беру) пунктіне дейін газ тасымалдауын қамтамасыз ететін труба құбыры ;

20) қызметтің бағыттары - қызметтер көрсетуге дербес, сонымен бірге бір-бірімен өзара іс-қимылда қатысатын қызметтер өндірісінің белгілі бір процесінің жиынтығы ;

21) қызметтердің реттелмейтін түрлері - табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес реттелмейтін газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдары қызметтерінің түрлері ;

22) қызмет көрсетуші процестер - нәтижесі өндірістік процестер мен менеджмент процестеріне қызмет көрсету болып табылатын қызметтер өндірісінің процестері ;

23) жалпы шығындар - барлық қызметтерді ұсынуымен байланысты, бірақ осы қызметтермен әлде-бір белгілі себепті-салдарлы байланысы жоқ, сондықтан осы Ережеде белгіленген тәртіппен айқындалатын бөлу базасының негізінде бөлінетін шығындар ;

24) жалпы іске қосылған активтер - барлық қызметтерді ұсынуымен байланысты, бірақ осы қызметтермен әлде-бір белгілі себепті-салдарлы байланысы жоқ, сондықтан осы Ережеде белгіленген тәртіппен айқындалатын бөлу базасының негізінде бөлінетін іске қосылған активтер ;

25) қызметтер өндірісінің процестері - газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдары қызметтерінің оның ресурстарын пайдалана отырып қызметтер көрсетуінің соңғы мақсатымен белгілі бір іс-қимылдарының бірізділігі . Қызметтер өндірісі процестерінің мынадай топтарын айырады: өндірістік процестер, қызмет көрсететін процестер және менеджмент процесі;

26) өндірістік процестері - тікелей өндіріске және қызмет көрсетуге бағытталған процестер ;

27) менеджмент процесі - барлық кәсіпорын қызметінің тиімділігін көтеруге бағытталған кәсіпорынның қызметін талдауды, іс-қимылын үйлестіруді қосатын қызметтер өндірісінің процестері ;

28) қызметтерге тікелей шығындар - белгілі бір қызметпен тікелей байланысы бар және сондықтан белгілі бір қызметке тікелей жатқызылатын шығындар ;

29) қызмет бағыттарының элементтеріне тікелей шығындар - қызметтер бағыттарының белгілі элементтерімен тікелей байланысы бар және сондықтан бір қызметтер бағыттарының белгілі бір элементтеріне тікелей жатқызылатын шығындар ;

30) қызметтер көрсеткен кезде тікелей іске қосылған активтер - белгілі бір қызметпен тікелей байланысы бар және сондықтан белгілі бір қызметке тікелей жатқызылатын іске қосылған активтер ;

31) қызмет бағыттарының элементтеріне тікелей іске қосылған активтер - қызмет бағыттарының белгілі элементтерімен тікелей байланысы бар және сондықтан бір қызметтер бағыттарының белгілі бір элементтеріне тікелей жатқызылатын іске қосылған активтер ;

32) бөлуші труба құбырлары мен газ бөлуші газ құбырлары - қабылдау (беру) пункттен, оның ішінде қалалық, кент аралық, кенттік, ауылдық, көшелік, аулалық тұтынушыға дейін газды тасымалдауын қамтамасыз ететін газ құбырлары ;

33) қызметтердің реттелетін түрлері - табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес уәкілетті орган реттейтін газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымы қызметтерінің түрлері ;

34) экономикалық ресурстар - табиғи (шикізат, геофизикалық), еңбек (адам капиталы), капитал (нақты капитал - негізгі құралдар), айналым қаражаттары ( материалдар), ақпараттық ресурстар, қаржы (ақша капиталы) ресурстарына бөлінетін өндірістік-шаруашылық қызметте пайдаланылатын көздер, қаражаттың жиынтығы ;

35) бірлескен шығындар - бірнеше қызметтерді (қызметтердің тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен әлде-бір белгілі себепті-салдарлы байланысы жоқ, сондықтан осы Ережеде белгіленген тәртіппен айқындалатын белгілі бөлу базасының негізінде қызметтерге бөлінуі мүмкін шығындар ;

36) бірлесіп іске қосылған активтер - бірнеше қызметтерді (қызметтердің тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен әлде-бір белгілі себепті-салдарлы байланысы жоқ, сондықтан осы Ережеде белгіленген тәртіппен айқындалатын белгілі бөлу базасының негізінде қызметтерге бөлінуі мүмкін іске қосылған активтер;

37) тауар тасымалдау жұмысы (ТТЖ) - магистралдық труба құбырлары арқылы табиғи газды тасымалдау жөніндегі труба құбыры көлігінің жұмыс көлемі (тасымалдау қашықтығына 1000м<sup>3</sup> табиғи газды тасымалдаудың сомаларының шығармасы ретінде айқындалады);

38) трансферттік төлемдер - ішкі қызметтердің көрсетілген көлемінің құндық көрінісі;

39) трансферттік таксалар - ішкі қызметтердің көрсетілген бірлігіне шығындардың құндық көрінісі;

40) шартты табыстар - трансферттік таксаға ішкі қызметтердің көлемін көбейту жолымен айқындалатын ішкі қызметтердің көрсетілген көлемінің құны;

41) экономикалық негізделген шығындар - газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымының операциялық (қарапайым) қызметін қамтамасыз етуімен байланысты, іске қосылған активтерге салынған және іске қосылған активтердің ұдайы өндірісіне амортизациялық аударымдарымен іске қосылған капитал бойынша өтеуіне арналған газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымының шығындары;

42) қызмет бағытының элементтері - қызмет көрсеткен кезде, оның ішінде олардың құнын бағалау және бөлу үшін біріктірілген реттелетін және реттелетін мен жалпы реттелмейтін қызметтердің түрлеріне кейіннен қызметтердің бағыттарына бөлудің шығындарымен байланысты негізгі құралдардың тобы.

7. Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мәндерінде қолданылады.

## **2. Бөлектеп есепке алуды жүргізетін қызметтің бағыттары**

8. Жанама шығындарды және жанама іске қосылған активтерді қызметтердің реттелетін түрлері бойынша және жалпы реттелмейтін қызметтерге газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымының табыстарын, шығындарын және іске қосылған активтерін бөлу үшін қызметтің бағыттары бойынша топталады.

Қызмет бағыттары мынадай түрлерге бөлінеді (осы Ережеге 1-қосымша):

- 1) газ қоймаларын пайдалану;
- 2) магистралдық газ құбырларын пайдалану;



3) бөлуші труба құбырлары (газ бөлуші газ құбырлары) және газ бөлуші құрылғыларын пайдалану;

4) бөлшек қызмет;

5) өзге қызмет.

9. Газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымы табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес реттелетін қызметтің басқа түрлерін (магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын тасымалдау бойынша қызмет көрсетуден, газ бөлуші құрылғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырлардан басқа) жүзеге асырған кезде газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдар қызметтің осындай түрлеріне тиісті қызмет көрсетудің процесс тобын бөледі және қызметтің осы түрлері бойынша бөлектеп есепке алуды жүргізу жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құжаттарын басшылыққа алып, олар бойынша бөлектеп есепке алуды жүргізуді жүзеге асырады.

### **3. Қызметтің бағыттары бойынша табыстардың, шығындардың және іске қосылған активтердің құрылымы**

10. "Газ қоймаларын пайдалану" қызметтің бағыты газ қоймаларын ұстау мен пайдалану қызметтерін көрсету процестерімен байланысты. "Газ қоймаларын пайдалану" бағыты ішкі және сыртқы қызметтерді көрсетеді.

Ішкі қызметтерге "Магистралдық газ құбырларын пайдалану" - газдың технологиялық қоры ретінде магистралдық газ құбырына айдауға арналған газды сақтау қызметтің бағыты бойынша көрсетілетін қызметтер жата алады.

С ы р т қ ы қ ы з м е т т е р г е :

газды сақтау бойынша қызметтің түрінде сыртқы соңғы емес п а й д а л а н у ш ы л а р ғ а ;

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұтыну үшін арналған газды сақтау бойынша қызметтерді сыртқы өзге пайдаланушыларға көрсетілетін қ ы з м е т т е р ж а т а д ы .

"Газ қоймаларын пайдалану" қызмет бағытындағы табыстар ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер түрінде шартты табыстар мен сыртқы қызметтер көрсетуден түскен табыстарды қамтиды. Сыртқы қызметтер көрсетуден табыстар бастапқы құжаттардың деректері бойынша айқындалады. Ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер осы қызметтер бойынша ішкі қызметтердің көрсетілген көлемінен және трансферттік таксалардан шыға айқындалады.

"Газ қоймаларын пайдалану" қызметі бағытындағы іске қосылған активтерінің құрамына газ қоймалары, газ қоймаларындағы компрессорлық станциялар, газ қоймаларындағы қысымды өлшеу үшін қолданылатын өлшеуіш

және реттеуіш құрылғылар және осы қызмет бағытының тиісті элементтерімен іске қосылған басқа да активтер енгізіледі.

11. "Магистралдық газ құбырларын пайдалану" қызметінің бағыты магистралдық газ құбырларын, газ бөлуші станцияларды және газ құбырларын - оларға бұруларды ұстау мен пайдалануды қамтамасыз ететін қызметтерді көрсету процесстерімен байланысты.

"Магистралдық газ құбырларын пайдалану" қызметінің бағыты ішкі және сыртқы қызметтерді көрсетеді.

І ш к і қ ы з м е т т е р г е :

"Газ қоймаларын пайдалану", сумен жабдықтау, электр энергиясымен жабдықтау, жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде "Бөлуші труба құбырлары ( газ бөлуші газ құбырлары) және газ бөлуші құрылғыларын пайдалану" қызметтердің бағыттарындағы, көрсетілген қызметтің бағыттарында технологиялық процесстерді қамтамасыз ету үшін телекоммуникациялар құрал-жабдықтарын пайдалануды көрсететін қызметтер жата алады;

"Өзге қызмет" сумен жабдықтау, электр энергиясымен жабдықтау, электр энергиясын беру мен бөлу, жылу энергиясымен жабдықтау, телекоммуникациялар құрал-жабдықтарын кейіннен оларды сыртқы өзге пайдаланушыларға сату үшін пайдалану қызметтер түрінде көрсетілетін қ ы з м е т т е р ж а т а а л а д ы .

Газды тасымалдау ұйымында "Магистралдық газ құбырларын пайдалану" қызмет бағыты болған жағдайда "Бөлуші труба құбырлары (газ бөлуші газ құбырлары) және газ бөлуші құрылғыларын пайдалану" қызмет бағыты үшін ішкі қызметтер ретінде газ құбырлар-бұрулары арқылы газды тасымалдау және газдың қысымын төмендету қызметтерін көрсете алады.

С ы р т қ ы қ ы з м е т т е р г е :

сыртқы соңғы және сыртқы соңғы емес пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының аумағында тұтыну үшін магистралдық газ құбырлары арқылы газ тасымалдау жөніндегі қызметтер түрі;

сыртқы өзге пайдаланушыларға экспортқа газды тасымалдау жөніндегі қызметтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге арналған газды магистралдық газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі қ ы з м е т т е р д і ң т ү р і ж а т а д ы .

"Магистралдық газ құбырларын пайдалану" қызмет бағытындағы табыстар ішкі қызметтердің трансферттік төлемдерінен түскен шартты табыстардан және сыртқы қызметтерді көрсетуден түскен табыстардан тұрады. Сыртқы қызметтерді көрсетуден түскен табыстар бастапқы құжаттардың деректері бойынша айқындалады. Сыртқы қызметтер үшін трансферттік төлемдер көрсетілген ішкі қызметтердің көлемдерінен және олар бойынша осы қызметтер

көрсетілген трансферттік таксалардан шыға айқындалады.

"Магистралдық газ құбырларын пайдалану" қызмет бағытындағы шығындар "Магистралдық газ құбырларын пайдалану" қызмет бағытының элементтерін пайдаланумен, ұстаумен және қызмет көрсетумен байланысты шығындардан және басқа бағыттағы қызметтен түскен ішкі қызметтері үшін трансферттік төлемдерден тұрады.

"Магистралдық газ құбырларын пайдалану" қызмет бағытындағы іске қосылған активтердің құрамына магистралдық газ құбырларының компрессорлық станциялары, магистралдық труба құбырлары, катодтық станциялары, газ бөлуші станциялары, газ бөлуші станцияларға дейінгі газ бөлушілер, су сорғыш станциялары, электр станциялары, қазандық, электр беруші желілері мен "Магистралдық газ құбырларын пайдалану" қызмет бағытындағы іске қосылған басқа да активтер енгізілген.

12. "Бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және газ бөлуші құрылғыларын пайдалану" қызметінің бағыты ішкі газ құбырлары мен газ бөлуші құрылғыларының (кіші станциялары, шкафтар, түйіндер және басқалар) жоғары, ортаңғы, төменгі қысымы бар бөлуші труба құбырларын пайдалану процесіне байланысты. "Бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және газ бөлуші құрылғыларды пайдалану" қызметтерінің бағыты ішкі және сыртқы қызметтерді көрсетеді.

Ішкі қызметтерге:

"Бөлшек қызмет" қызметінің бағытына сыртқы түпкілікті пайдаланушыларға көрсетілетін қызметтер түрінде оларды кейіннен сату үшін бөлуші труба құбырлары (газ бөлуші газ құбырлары) арқылы газ тасымалдау және бөлуші құрылғыларды пайдалану жөніндегі қызметтер;

"Өзге қызмет" қызметінің бағытына сыртқы түпкілікті пайдаланушыларға көрсетілетін сумен жабдықтау, электр энергиясын беру және бөлу, жылу энергиясымен жабдықтау, электр энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтер жатқызылуы мүмкін.

Сыртқы қызметтерге сыртқы соңғы емес пайдаланушыларға көрсетілетін бөлуші труба құбырлары (газ бөлуші газ құбырлары) арқылы газ тасымалдау және бөлуші газ құрылғыларын пайдалану жөніндегі қызметтер жатады.

"Бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және бөлуші газ құрылғыларын пайдалану" қызметінің бағытындағы табыстар ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерінен түскен шартты табыстардан және сыртқы қызметтерді көрсетуден түскен табыстардан тұрады. Сыртқы қызметтерді көрсетуден түскен табыстар бастапқы құжаттардың деректері бойынша айқындалады. Сыртқы қызметтер үшін трансферттік төлемдер көрсетілген ішкі қызметтердің көлемдерінен және олар бойынша осы қызметтер көрсетілген

трансферттік таксалардан шыға айқындалады.

"Бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және бөлуші газ құрылғыларын пайдалану" қызметтер бағытындағы шығындар "Бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және бөлуші газ құрылғыларын пайдалану" қызмет бағытының элементтерін пайдаланумен, ұстаумен және қызмет көрсетумен байланысты шығындардан және басқа бағыттағы қызметтен түскен ішкі қызметтері үшін трансферттік төлемдерден тұрады.

"Бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және бөлуші газ құрылғыларын пайдалану" қызмет бағытының іске қосылған активтерінің құрамына бөлуші труба құбырлары (газ бөлуші газ құбырлары), бөлуші газ құрылғылары (кіші станциялар, шкафтар, түйіндер және басқалар), тұтынушылар газды қабылдайтын пункттарында газ қысымын есептеу және бақылау құралдары , су сорғыштар, электр станциялары, қазандықтар, электр беру желілері мен " Бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және бөлуші газ құрылғыларын пайдалану" қызметінің бағытында іске қосылған басқа да активтер енгізілген.

13. "Бөлшек қызмет" қызметінің бағыты қызметтердің сыртқы пайдаланушысына көрсетілетін қызметтерді газ бөлуші ұйымдардың сатуын қамтамасыз ететін қызметтерді көрсету процестерімен байланысты. "Бөлшек қызмет" қызмет бағытымен сыртқы соңғы пайдаланушыларға ұсынылатын сыртқы қызметтерге бөлуші труба құбырлары (газ бөлуші газ құбырлары) арқылы газ тасымалдау және бөлуші газ құрылғыларын пайдалану жөніндегі қызметтер жатады.

"Бөлшек қызмет" қызмет бағытындағы табыстар сыртқы түпкілікті пайдаланушыларға қызметтер көрсетумен байланысты табыстардан тұрады. "Бөлшек қызмет" қызмет бағытындағы табыстар көрсетілетін қызметтердің көлемдерінен және олар бойынша осы қызметтер көрсетілген бағалардан (тарифтерден) шыға бастапқы құжаттардың негізінде айқындалады.

"Бөлшек қызмет" қызметіне бағытталған шығындар сыртқы қызметтерді сатумен байланысты шығындардан, сондай-ақ "Бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және бөлуші газ құрылғыларын пайдалану" қызмет бағытына берілетін тұтынылатын ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден тұрады.

"Бөлшек қызмет" қызмет бағытының іске қосылған активтерінің құрамына сыртқы соңғы пайдаланушының сыртқы қызметтерді сатумен байланысты активтер енгізіледі.

14. "Өзге қызмет" қызметінің бағыты сыртқы түпкілікті пайдаланушыларға көрсететін қызметтерді сатуды қамтамасыз ететін қызметтерді көрсету процестеріне байланысты.

Сыртқы өзге пайдаланушыларға "Өзге қызмет" қызмет бағытымен ұсынылатын сыртқы қызметтерге:

жылу энергиясын жылыту қазандықтармен өндіру;  
электр және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) бөлу;  
су шаруашылығы жүйесінің қызметтері;  
сыртқы өзге пайдаланушыларға газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдар ұсынатын қызметтердің басқа да түрлері жатады.

"Өзге қызмет" қызмет бағытындағы табыстар сыртқы өзге пайдаланушыларға қызметтерді көрсетумен байланысты табыстардан тұрады. "Өзге қызмет" қызмет бағытындағы табыстар көрсетілген қызметтердің көлемдеріне және бағаларына (тарифтеріне) сәйкес олар бойынша осы қызметтер көрсетілген бастапқы құжаттардың негізінде айқындалады.

"Өзге қызмет" қызмет бағытындағы шығындар сыртқы өзге пайдаланушыға қызметтерді сатумен байланысты шығындар, сондай-ақ "Магистралдық газ құбырларын пайдалану", "Бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және бөлуші құрылғыларын пайдалану" қызмет бағыттарында ұсынылатын ішкі қызметтерді алу үшін трансферттік төлемдер енгізіледі.

"Өзге қызмет" қызмет бағытындағы іске қосылған активтердің құрамына сыртқы өзге пайдаланушыларға қызметтерді сатумен байланысты активтер енгізіледі.

15. Табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есеп алуды жүргізу, реттелетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және жалпы реттелмейтін қызметтер бойынша қызметтің әрбір бағытының шеңберінде жүргізіледі.

16. 10-14-тармақтарында көзделмеген қызметтерді көрсеткен кезде, оларды ішкі және сыртқы қызметтерге жатқызуды осы Ереженің 6-тармағының 3) және 7) тармақшаларында белгіленген ұғымдардың негізінде дербес газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдар жүргізеді.

#### **4. Реттелетін қызметтердің түрлері бойынша табыстардың, шығындар мен іске қосылған активтердің құрылымы**

17. Реттелетін қызметтердің түрлері бойынша табыстарды бөлу бөлектеп есепке алудың негізгі қағидаттарын ескере отырып жүргізіледі. Реттелетін қызметтерді көрсетуден түскен табыстар реттелетін қызметтердің тиісті түрлерінен қалыптасқан көлемдерінен және осы қызметтерге белгіленген бағалардан (тарифтерден) шыға айқындалады.

18. Қызметтер көрсетуден түскен табыстар реттелетін қызметтердің түрлері бойынша және жалпы реттелмейтін қызметтер бойынша бастапқы құжаттар деректерінің негізінде тікелей жатқызылады.

19. Шығындарды бөлектеп есепке алудың мақсаттары үшін шығындар реттелетін қызметтердің әрбір түрі бойынша ескеріледі. Егер сыртқы қызметтерді көрсеткен кезде, ішкі қызмет пайдаланса, онда реттелетін қызмет шығынының құрамында ішкі қызмет үшін трансферттік төлемдер ескеріледі.

20. "Газ сақтау қорларын пайдалану" қызмет бағытындағы реттелетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну жөніндегі шығындар "Магистралдық газ құбырларын пайдалану" қызметінің бағытынан түскен ішкі қызметтердің трансферттік төлемдерінен, сондай-ақ осы қызметтерді көрсетумен байланысты басқа да шығындардан құралады.

21. "Магистралдық газ құбырларын пайдалану" қызмет бағытындағы реттелетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну бойынша шығындар, "Газ сақтау қоймаларын пайдалану" қызметінің бағытынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерінен, сондай-ақ осы қызметтерді көрсетумен байланысты басқа да шығындардан құралады.

22. "Бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және газ бөлуші құрылғыларын пайдалану" қызметінің бағытындағы реттелетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну бойынша шығындар, бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және газ бөлуші құрылғыларын пайдаланумен байланысты шығындардан, сондай-ақ "Магистралдық газ құбырларын пайдалану" қызметінің бағытынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден құралады.

23. "Бөлшек қызмет" қызметінің бағытындағы реттелетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну бойынша шығындар, осы қызметтерді сатумен байланысты шығындардан, сондай-ақ "Бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және газ бөлуші құрылғыларын пайдалану" қызмет бағытынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден құралады.

24. "Өзге қызмет" қызметінің бағытындағы реттелетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну бойынша шығындар осы қызметтерді пайдаланумен байланысты шығындарда, сондай-ақ "Магистралдық газ құбырларын пайдалану", "Бөлуші труба құбырларын (газ бөлуші газ құбырларын) және газ бөлуші құрылғыларын пайдалану" қызметінің бағыттарынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден құралады.

25. Бөлектеп есепке алудың мақсаттары үшін іске қосылған активтер осы Ережеде айқындалған тәртіппен реттелетін қызметтердің әрбір түрі бойынша бөлінеді. Ішкі қызметтердің түрлері бойынша іске қосылған активтер, егер реттелетін қызметтерді ұсынғанда ішкі қызметтер пайдаланған жағдайда ғана бөлінеді.

26. Іске қосылған активтерге осы қызмет бағытына тікелей іске қосылған активтер, сондай-ақ қызметтің басқа бағытынан алынған ішкі қызметтерді көрсеткенде іске қосылған активтердің тиісті баланстық құны жатқызылады.

## **5. Газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдары көрсететін қызметтердің түрлері бойынша шығындар мен іске қосылған активтерді бөлу тәртібі**

27. Шығындар мен іске қосылған активтерге бөлектеп есепке алуды жүргізудің мақсаттары үшін тікелей, жанама, бірлескен және жалпы деп бөлінеді.

28. Шығындар мен іске қосылған активтердің сыртқы қызметтермен тікелей байланыстары болғанда, өндірістік шығындарды тікелей жатқызу және осындай сыртқы қызметтің іске қосылған активтерінің құны жүргізіледі, жанама байланыс болғанда - өндірістік шығындарды жанама бөлінісі мен іске қосылған активтердің құны бөлуші базаның негізінде жүзеге асырылады. Газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымының қызметтеріне шығындар мен активтерді бөлу мынадай кезеңдер (осы Ереженің 2-қосымшасы) бойынша жүргізіледі:

1) бірінші кезеңде оларды тиісті экономикалық ресурстарға тікелей жатқызу және жанама бөлу жолымен экономикалық ресурстар бойынша шығындар мен активтерді топтастыру жүргізіледі (экономикалық ресурстарға белгіленген шығындар мен активтерді бөлу базасының ең төменгі тізбесі осы Ереженің 3-қосымшасында келтірілген);

2) екінші кезеңде экономикалық ресурстардың қызметтер көрсетудің тікелей және жанама байланыстарын айқындау жолымен қызметтер көрсетудің (өндірістік, қызмет көрсетуші, менеджмент) тиісті процестеріне шығындар мен активтерді тікелей жатқызу және жанама бөлу жүргізіледі (экономикалық ресурстарға белгіленген бөлуші базасының ең төменгі тізбесі осы Ереженің 4-қосымшасында келтірілген);

3) үшінші кезеңде өндірістік процестер мен менеджмент проценттерінің қызмет көрсетуші процестеріне байланысты шығындары мен активтерін тікелей және жанама бөлу жүргізіледі (қызмет көрсетуші процестерінің өндірістік процестер мен менеджмент проценттеріне белгіленген бөлуші базасының ең төменгі тізбесі осы Ереженің 5-қосымшасында келтірілген);

4) төртінші кезеңде сыртқы қызметтерге және қызмет бағытының элементтеріне өндірістік процестермен байланысты шығындар мен активтерді тікелей және жанама бөлу жүргізіледі (сыртқы қызметтерге және қызмет бағытының элементтеріне өндірістік процестермен байланысты белгіленген шығындар мен активтерді бөлу базасының ең төменгі тізбесі осы Ереженің 6-

қосымшасында келтірілген);

5) бесінші кезеңде қызмет бағытының элементтері мен оларды уәкілетті органмен келісілген бөлуші базаның негізінде бөлумен байланысты бірлескен шығындар мен активтерін менеджмент процестерімен байланысты шығындар мен активтерінен бөлу жүзеге асырылады;

6) алтыншы кезеңде қызмет бағытымен көрсетілетін ішкі және сыртқы қызметтеріне қызмет бағыты элементтерінің шығындарын тікелей жатқызу мен жанама бөлу және активтердің іске қосылған дәрежесін айқындау жүргізіледі (қызмет бағытының элементтерін қызметтерге белгіленген бөлуші базасының ең төменгі тізбесі осы Ереженің 7-қосымшасында келтірілген);

7) жетінші кезеңде уәкілетті органмен келісілген бөлуші базаларының негізінде сыртқы қызметтердің тиісті түрлеріне сыртқы қызметтерге байланысты менеджмент процестерінің жалпы және бірлескен шығындары мен активтерді бөлу жүзеге асырылады;

8) сегізінші кезеңде ішкі қызметтерді тиісті сыртқы қызметтерге жатқызу және сыртқы қызметтерді кезең бойынша ұсынудың шығындары мен активтерін жиынтықтау жүргізіледі (осы Ереженің 8-қосымшасы).

## **6. Реттелетін қызметтердің түрлері бойынша және тұтастай реттелмейтін қызметтер бойынша табыстар, шығындар мен іске қосылған активтер туралы есептер ұсыну тәртібі**

29. Бөлектеп есепке алу жөніндегі есептілікті уәкілетті орган барлық газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдарына ұсынады.

30. Осы Ережеге сәйкес газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдар осы Ережеге сәйкес ұсынатын бөлектеп есепке алу жөніндегі есептілік:

1) шығындар мен активтерді экономикалық ресурстар түрлері бойынша тікелей жатқызу және жанама бөлу туралы есебін (осы Ереженің 9-қосымшасы);

2) шығындар мен іске қосылған активтерді қызметтер өндіру процестеріне бөлу туралы есебін (осы Ереженің 10-қосымшасы);

3) қызмет көрсетуші процестердің шығындары мен активтерін өндірістік процестер мен менеджмент процестеріне бөлу туралы есебін (осы Ереженің 11-қосымшасы);

4) өндірістік процестердің шығындары мен активтерін сыртқы қызметтер мен қызмет бағыттарының элементтеріне бөлу туралы есебін (осы Ереженің 12-қосымшасы);

5) менеджмент процестерінің шығындары мен активтерін қызмет бағыттарының элементтеріне, сыртқы қызметтерге, қызметтерге байланысты



бірлескен және жалпы шығындарға бөлу туралы есебін (осы Ереженің 13-қосымшасы) ;

6) қызмет бағыттарының элементтерін ішкі және сыртқы қызметтерге бөлу туралы есебін (осы Ереженің 14-қосымшасы);

7) менеджмент процестерінің жалпы және бірлескен шығындары мен активтерін сыртқы қызметтерге бөлу туралы есебін (осы Ереженің 15-қосымшасы) ;

8) ішкі және сыртқы қызметтерге байланысты шығындар мен іске қосылған активтерді сыртқы қызметтерге бөлу туралы есебін (осы Ереженің 16-қосымшасы) ;

9) газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдардың қызметтер көрсетумен байланысты шығындар мен іске қосылған активтерін газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдары көрсететін сыртқы қызметтердің реттелетін және реттелмейтін түрлеріне бөлу туралы есебін (осы Ереженің 16А - қосымшасы) ;

10) табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді сыртқы қызметтердің түрлеріне түпкілікті бөлу туралы есебін (осы Ереженің 17-қосымшасы) ;

11) табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді қызмет бағыттары бойынша бөлу туралы есебін (осы Ереженің 18-қосымшасы) қамтиды.

31. Қорытынды деректер осы Ереженің 17-қосымшасында "Жиыны" деген бағанда көрсетілген "Шығындар жиыны" деген жол газ тасымалдаушы және газ бөлуші ұйымдарының табыстары мен шығыстары туралы есебінде "Дайын өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен табыс" деген жолда көрсетілген деректерге сәйкес келуге тиіс.

32. Осы Ереженің 17-қосымшасында "Жиыны" деген бағандағы "Шығындар жиыны" және "Амортизация жиыны" деген соңғы жолдың сомасы газ тасымалдаушы және газ бөлуші ұйымдарының табыстары мен шығыстары туралы есебінде "Сатып алынатын өнімдердің өзіндік құны" және "Кезең шығыстары" деген жолдардағы сомаға сәйкес келуге тиіс.

33. Газ тасымалдаушы және газ бөлуші ұйымдар жарты жылдықтың негізінде есептілікті - есептік кезеңнен кейінгі екінші айдың он бесінші күнінен кешіктірмей ұсынады.

34. Қағаз жеткізгіштегі есептілікке газ тасымалдаушы және газ бөлуші ұйымның басшысы мен бас бухгалтері қол қояды және мөрмен расталады.


35. Газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымдар уәкілетті органға есептілікті электрондық және қағаз жеткізгішінде ұсынады.

36. Электрондық жеткізгіштегі есептілік қағаз жеткізгішімен ұсынылған есептілікке сәйкес болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды реттеу  
және бәсекелестікті қорғау  
жөніндегі агенттігі төрағасының  
міндетін атқарушының  
2004 жылғы 26 тамыздағы N 360-НҚ  
бұйрығымен бекітілген  
Магистралдық және (немесе) бөлуші  
труба құбырлары арқылы газды  
немесе газ конденсатын сақтау,  
тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды  
және олармен байланысты газ бөлуші  
газ құбырларын пайдалану жөнінде  
қызметтер көрсететін табиғи  
монополия субъектілерінің  
табыстарды, шығындарды және іске  
қосылған активтерді бөлектеп есепке  
алуды жүргізу ережесіне 1-қосымша

**Газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші  
ұйымдары қызметтерінің бағыты**

_____		_____	_____
	_Газ сақтау қоймаларын пайдалану _____	_____	Сыртқы
	_____	_____	соңғы
		_____	емес
	_____	_____	_____
	Ишкі қызметтер	Сыртқы қызметтер	
	_____	_____	
	_Магистралдық газ құбырларын	_____	_____
	пайдалану	_____	_____
	_____	_____	_____
		_____	_____
	Ишкі қызметтер	Сыртқы қызметтер	
	_____	_____	_____
	_Бөлуші труба құбырларын (газ	_____	Сыртқы
	бөлуші газ құбырларын) және	_____	өзге
	_газ бөлуші қондырғыларын	_____	_пайда_
	пайдалану	_____	лану_



Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2004 жылғы 26 тамыздағы N 360-НҚ бұйрығымен бекітілген Магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындарды және іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесіне 2-қосымша

**Газ тасымалдаушы және (немесе) газ бөлуші ұйымының қызметтеріне шығындар мен активтер бөлу**



1-кезең	Ресурстар	1-кесте
2-3-кезең	Тікелей және жанама  Өндірістік   Қызмет   Менеджмент   процестер   көрсетуші   процестері   процестер	2-кесте 3-кесте
4-кезең	Тікелей және жанама  Ішкі   Қызмет бағыттарының   қызметтер   элементтері	4-кесте бірлескен
5-кезең	Сыртқы <u>қызметтер</u>	
6-кезең		5-кесте
7-кезең		6-кесте
8-кезең	<u>бірлескен және жалпы</u>	

Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды реттеу  
және бәсекелестікті қорғау  
жөніндегі агенттігі төрағасының  
міндетін атқарушының  
2004 жылғы 26 тамыздағы N 360-НҚ  
бұйрығымен бекітілген  
Магистралдық және (немесе) бөлуші  
труба құбырлары арқылы газды  
немесе газ конденсатын сақтау,  
тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды  
және олармен байланысты газ бөлуші  
газ құбырларын пайдалану жөнінде  
қызметтер көрсететін табиғи

монополия субъектілерінің  
табыстарды, шығындарды және іске  
қосылған активтерді бөлектеп есепке  
алуды жүргізу ережесіне 3-қосымша

**Экономикалық ресурстарға белгіленген шығындар мен  
активтерді бөлу базаларының ең төменгі тізбесі**

Шығындар мен активтер	Белгіленген	Экономикалық ресурстар
	бөлу  Еңбек	Күрделі (негізгі құралдар)
	базасы ресур.	
	стары	Гимарат   Передаточные  Көлік
	(пер.   және	устройства  құралдары
	сонал)  құрылыс	
		Бөлуші  Өзге  Магис.  Өзге
		Газ  Өзге труба
		сак.
		құбырлары
		труба
		тау    (газ бө.
		құбыр.
		қой.
		луші газ
		лары
		масы
		құбырлары)

**Ш ы ғ ы н д а р**

Ж а л а қ ы	Б а с т а п қ ы
құжаттар П х х х х х х	
Ж а л а қ ы д а н	
аударым Жалақы П х х х х х х	
Отын Бастапқы х х П,К х х х П,К	
	қ ұ ж а т т а р
	н е м е с е
	н о р м а .
	т и в т і к
	к ө р с е т .
кіштер	
Т р у б а л а р	Б а с т а п қ ы
құжаттар х х х П П П х	

Компрес .

сорлар құжаттар х х х х х х х

Химреа .

генттер құжаттар х х х х х х х

Электр Есептеу х П,К П,К

энергиясы

Бастапқы

Бастапқы

х х х х  
құралда .  
рының  
көрсет .  
кіші мен  
норматив .

тік қуат

Жылу Есептеу х х П,К

энергиясы

х х х х  
құралда .  
рының

көрсеткіші

Сумен Есептеу х П,К П,К

жабдықтау

х х х х  
құралда .  
рының

көрсеткіші

Байланыс

Бастапқы

қызметтері құжаттар П х х х х х х

Өзге де П,К П,К П,К П,К

шығындар

(төптіштеу

дәрежесіне

байланысты)

**Активтер**

Іске Қызмет

х

П

П

П

П

П

П

қосылған

бағыт .

активтер .

тарының

дің құны

элемент .

теріне

қарай

қажетті .

лікке

байланысты

Іске қосылған активтерінің амортизациясы	Іске қосылған активтерінің құны	х	П	П	П	П	П	П
--	---------------------------------	---	---	---	---	---	---	---

---

кестенің жалғасы

---

Экономикалық ресурстар

Шығындар мен активтер	Күрделі (негізгі құралдар)	Өзге де негізгі құралдар	Өзге ресурстар
	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Буферлық гпз	
	Компрес. сорлық машиналар мен жабдық	Өзге де қосалқы құрал-жабдықтар	Өзге

**Ш ы ғ ы н д а р**

Жалақы	х	х	х	х	х	х
Ж а л а қ ы д а н аударым	х	х	х	х	х	х
Отын	П,К	П,К	П,К	х	х	х
Трубалар	х	х	х	х	х	х
Компрес. сорлар		П		х	х	х
